ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫ
ХРОМТАУ ҚАЛАСЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

031100 Хромтау қаласы
М.Горький көшесі, №9
телефон: +7 (71336) 21777

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АППАРАТ АКИМА г.
ХРОМТАУ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА

031100 город Хромтау
ул. М.Горького, №9
телефон: +7 (71336) 21777

«19» 12 2025 ж. № 156

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабы 3 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 16-бабы 3-тармағының 35-тармақшасы негізінде **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге, уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес, тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын мөлшерде, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Аталған мемлекеттік сатып алу алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданылуын өнім берушінің ұзартудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылуына және (немесе) тапсырыс берушінің ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылғанына (қайта ұйымдастырылғанына) байланысты жүргізілсін.

3. Осы бұйрық қол қойылғаннан бастап күшіне енеді.

4. Өкімнің атқарылуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Хромтау қаласы әкімінің м.а. **К.К.Битанов**

Жоба енгізді:
Құрылымдық бөлім басшысы **Р.Б. Дуканов**